

Ақтөбе облысы әкімдігінің  
2020 жылғы «23» желтоқсан  
№ 469 қаулысымен бекітілді



**«Ақтөбе облысының білім басқармасы**  
**Байғанин ауданының білім бөлімі» мемлекеттік**  
**мекемесінің**  
**«Шаттық» бебекжай-балабакшасы»**  
**мемлекеттік коммуналдық қазыналық**  
**кәсіпорынының**

**ЖАРҒЫСЫ**

Карауылкелді ауылы  
2020 жыл

## **1. Жалпы ережелер**

1. «Ақтөбе облысының білім баскармасы Байганин ауданының білім белімі» мемлекеттік мекемесінің «Шаттық» бебекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) оралымды басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Байганин ауданы әкімдігінің 19 «қыркүйек» 2007 жылғы №127 қаулысының негізінде құрылды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне катысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органы) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байганин ауданының білім белімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Байганин ауданының білім белімі» мемлекеттік мекемесінің «Шаттық» бебекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: индекс 030300, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Байганин ауданы, Карапталған ауылдық округі, Карапталған ауылы, Барак батыр көшесі, 56 үй.

## **2. Мемлекеттік кәсіпорынның заңдық мәртебесі**

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес тенгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтанбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар мөрі болады.

10. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын жергілікті атқарушы органның келісімімен басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (катысушысы) бола алады.

Мемлекеттік кәсіпорын – табиғи монополия субъектісі жергілікті атқарушы органның және мемлекеттік органның келісімімен табиғи монополиялар саласында және реттелмелі нарықтарда басшылықты жүзеге асыратын басқа заңды тұлға құра алады, сондай-ақ оның құрылтайшысы (катысушысы) бола алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан

Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

### **3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары**

12. Кәсіпорынның негізгі мәні:

- 1) Қазақстан Республикасы халықтарының ұлттық салт-дәстүрлері негізінде балалардың өмірін қорғау және деңсаулығын нығайту, оларды салауатты өмір салтының құндылықтарына катыстыру;
- 2) баланың жеке тұлғасының жан-жақты дамуы, оның мүдделерін қанағаттандыру, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде қабілеттерін дамыту;
- 3) балаға қоғамдық-әлеуметтік, табиғи ортада жемісті іс-әрекет жасауға және өмір сүруге мүмкіндік беретін тұлғаның әлеуметтік-рухани және Қазақстан қоғамында қалыптасқан ұлттық салт- дәстүр, әдет -ғұрыптарының сапаларын қалыптастыру;
- 4) баланы Отанды, туган өлкені сүюге, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, қоршаған ортада өзге ұлтты халықпен адамгершілікті қарым-катынаста бола білуге тәрбиелеу;
- 5) қоршаған әлеуметтік ортада өзі туралы алғашқы түсінігін қалыптастыру.
- 6) баланың интелектуалдық іс-әрекеті мен білімпаздық, шығармашылық таныту қабілеттерін дамыту;
- 7) баланың бейнелеу, көркем тіл дамыту, саз іс - әрекеттерінде шығармашылық қабілеттері мен әсемдік талғамын дамыту.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты әрбір баланың шығармашылық, рухани дамуының мүмкіндіктері үшін қолайлы жағдай жасау, олардың табиғи дамуы мен жүйкесінің саулығын нығайту, баланың қабілеттілігін олардың мүлдесі мен ата-ананың сұраныстарына орай дамыту, балаларды мектепке окута дайындау болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту түрлерін жүзеге асырады:

- 1) ҚР Үкіметімен белгіленген ретімен, негізгі білім беру іс-әрекеті аумағында оқыту түрлерін жүзеге асырады және ақылы қызмет көрсетеді (би өнері, музыка, бейнелеу өнері үйірмелері, ағылшын тілдері, медициналық қызметтер және спорттық секциялары).
- 2) Қосымша қаржы көздерін: занды тұлғалардың ерікті көмектері, мақсатты журналар, ата-аналардың демеуші көмектері, мекемелер, кәсіпорындардың, жеке тұлғалардың, материалдық құндылықтарын тарту.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға күкүліс емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мулік

жөніндегі уәкілді органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп согады.

#### **4. Оқыту, қабылдау алу, жинақтау жүйесін ұйымдастыру тәртібі**

17. Кәсіпорынның тәрбиеленушілер контингенті Кәсіпорынның типіне және балалардың жастарына сай құрылады. Кәсіпорынга бір жастан бес жасқа дейінгі балалар қабылданады. Кәсіпорында мектепке дейінгі топтар бар.

18. Топтардағы балалар саны «Балалар мен жасеспірімдерді тәрбислеу мен білім беру обьектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» Ережесінің 14 косымшасына сәйкес аныкталады. Топтардың толтырылуы балалардың жас ерекшеліктеріне (бір жастан бес жасқа дейін) байланысты белгіленеді: бір жастан бес жасқа дейін 140 бала

19. Өтініштерді есепке алу, мектепке дейінгі мекемеге қабылдау үшін жолдама рәсімдеу және беру тәртібін Мемлекеттік басқару органы белгілейді. Баланы Кәсіпорынға басқару органның жолдамасы, баланың даму тарихының көшірмесі, эпидемиологиялық ортасы туралы участекелік дәрігердің аныктамасы негізінде жүргізіледі.

Кәсіпорын мен тәрбиешілер, олардың ата-аналары (заңды өкілдер) арасындағы қатынастарды реттеу және рәсімдеу келісім-шартта көрсетіледі. Балаларды күтіп бағу үшін төлемді Уәкілетті орган бекітіп, ата-аналармен жасалған келісім-шартта көрсетіледі.

20. Баланың орны келесі жағдайларда сакталады:

- 1) бала сыркагттанып қалған уақытта;
- 2) санаториялық – курорттық, медициналық және т.б. мекемелерде емделу және сауықтыру кезінде;
- 3) ата-анасының біреуіне енбек демалысы берілгенде;
- 4) жазғы мезгілде баланы екі ай мерзімге дейін, сауықтыру кезінде.

21. Басшының балаларды мектепке дейінгі ұйымнан шыгаруы мемлекеттік басқару органның келісімімен мынадай жағдайда жүргізіледі:

- 1) баланы күтіп бағу үшін өтелетін ай сайынғы төлемнің уақытылы жүргізілмеуі (1 айдан артық);
- 2) дәлелді себепсіз және әкімшілікті ескертпей баланың келмей қалуы;
- 3) мектепке дейінгі ұйымда болуына кедергі болатын баланың жағдайы туралы медициналық қорытынды бойынша және мемлекеттік басқару органның өкіметке қатысты болады.

22. Оқыту және тәрбиелеу қазақ тілінде жүргізіледі.

23. Оқыту тәрбиелеу ісі мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде жасалған оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады және Жарғымен анықталады. Кәсіпорын тиімді оқыту – тәрбиелеу істерін камтамасыз ету үшін педагогтарға (баланың шыгармашылық, рухани және дене дамуы,

адамгершілікке, салауатты өмір салтын қалыптастыру) білім беру саласындағы КР орталық атқару орындары бекіткен оқыту, тәрбиелеу және сауықтырудың жаңа тәсілдерін енгізу, баламалы авторлық бағдарламаларын колдануды таңдау күкігүн береді.

24. Кәсіпорының жұмыс тәртібін педагогикалық қызметкерлерге арналған нормативтік оку жүктемесін негізге ала отырып, бес күндік және сенбі, жексенбі және мереке күндерін – демалыс күндері деп Құрылтайшы бекітеді.

25. Кәсіпорының жұмыс тәртібі келісім-шартта анықталады.

26. Тәрбиленушілердің құзыреттілігінің даму деңгейін бағалау, білім беру саласы бойынша балалардың жас ерекшелігіне байланысты :

1) даму құзыреттілігінің деңгейі мониторингі, индикатор жүйесі үш шартты белгісі бойынша жүзеге асырылады;

2) Кәсіпорынды аттестациялау кезінде;

3) КР заннамаларына қайшы келмейтін басқа да бақылау түрлері.

Кәсіпорын тәрбиленушілерінің оку жүктемесі және үйымдастырылған оку іс-әрекетінің ұзақтығы КР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен айқындалады.

27. Кәсіпорын КР «Білім туралы» Занынын 59 бабына сәйкес бес жылда бір рет аттестациядан өтеді.

Аттестация өткізу кезінде:

1) Кәсіпорының мемлекеттік, жалпы білім беру стандарттарын орындауы;

2) Кәсіпорын өз қызметінде білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтауы қаралады.

## 5. Оқыту-тәрбиелеу процесіне қатысушылар, олардың құқықтары мен міндеттері

28. Оқыту-тәрбиелеу процесінің негізгі қатысушылары болып, балалар, ата-аналар, оларды ауыстыруышылар, тәрбиешілер және басқа педагогтар табылады.

29. Бала құқығына «Бала құқығы туралы» БҰҰ конвенциясы, КР заннамасы, ата-ана мен Кәсіпорын арасында жасалған келісім-шарт және КР басқада заңға қосымша актілер кепілдеме береді.

30. Әрбір балага берілетін кепілдік:

1) өмір мен денсаулығын сақтау;

2) дene, моральдық және психикалық жабірлеудің барлық түрлерінен қорғau;

3) беделін қорғau;

4) оның шығармашылық қабілеттілігі мен қызыгуышылығын тәрбие беру мен оқытудың мемлекеттік стандарттарына сәйкес дамыту;

5) икемділігі, қабілеттілігі, ынтасы мен денсаулығына сәйкес қосымша оқыту қызметтерін алу;

6) сапалы мектеп алдындағы дайындық.

31. Ата-аналар (занды өкілдері) құқықты:

1) мектепке дейінгі Кәсіпорынды баланың денсаулығына, ынтасына, жеке қабілеттіліктеріне, ерекшелігіне қарай таңдауға;

- 2) балаларды тәрбиелеу және оқыту проблемасы бойынша консультациялық көмек алуға;
- 3) мектепке дейінгі Кәсіпорын Жарғысымен айқындаған шамада балаларды бақылап қарау, күту, тәрбиелеу және дамытуды талап етуге;  
Мектепке дейінгі Кәсіпорын мен ата-ана (занды өкіл) арасында жасалған келісім-шартта қаралған:
- 4) педагогикалық кенестің, ата-аналар комитетінің жұмысына қатысу;
- 5) балаларды күтудің жағдайларын жақсарту үшін Кәсіпорынның тұрмысына араласу;
- 6) кәсіпорын мен ата-ана (занды өкіл) арасында жасалған келісім-шарттың сөзсіз орындалуын талап ету;
- 7) ата-аналар шартын мерзімінен бұрын бұзу;
- 8) Кәсіпорын жарғысымен және тәрбиелеу-білім беру процесін реттеуді басқа да күжаттармен тендеу;
- 9) Кәсіпорыннан баланы шыгару туралы шешімге жазбаша хабарлама алған сәттен бастап шағымдану.

32. Ата-аналар (занды өкілдері) жауапты болуга міндетті:

- 1) балалардың Кәсіпорынға қатысуын камтамасыз етуге;
- 2) Кәсіпорын жарғысын орындауға;
- 3) откізілетін ата-аналар жиналыстарына қатысуға;
- 4) ата-аналар мен Кәсіпорын арасында жасалған келісім шарттарының орындалуына;
- 5) баланың тамактануына арналған қаржыларды дер кезінде төлеуге;
- 6) баланың науқастығы немесе оның болмауы жөніндегі Кәсіпорынға дер кезінде хабарлау;
- 7) баланы тәрбиелеу, оқыту және дамытуға ықпал ету.

33. Балалармен педагогикалық жұмысты жоғары, орта кәсіби және педагогикалық білімі бар мамандар жүзеге асырады.

34. Педагогикалық қызметке сот үкімімен немесе медициналық көрсеткіштерге сәйкес, осы қызмет күкінен айырылғандар, сондай-ақ белгілі бір қылмысы үшін сопталғандығы бар адамдар жіберілмейді.

35. Кәсіпорын тәрбиешісі және басқа педагогтар Кәсіпорынның оку-тәрбие процесі кезінде тәрбиеленушілер өмірі мен деңсаулығын қоргауды дербес жауап береді. Кәсіпорынның тәрбиешісі және басқа педагогтар міндетті:

- 1) балалар өмірі мен деңсаулығын қоргауды камтамасыз етуге, олардың бойына салауатты өмір салтын сіңіруге;
- 2) тәрбиеленушілердің мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқытудың қаралған мемлекетке жалпы білім беру стандарттарына сәйкес деңгейден төмен емес дамуын қамтамасыз ету;
- 3) педагогикалық әдеп нормаларын сактау;
- 4) тәрбиеленушілер намысын құрметтеу;
- 5) медициналық бақылаудан дер кезінде өту;
- 6) тәрбиеленушілердің жеке және шығармашылықтарын анықтап, дамыту;
- 7) салауатты өмір салтын жүргізу.

Кәсіпорын тәрбиешілерінің және басқа педагогтардың құқығы бар:

- 1) тиісті кәсіби білімі болса, педагогикалық қызметпен шұғылдануға;

- 2) мектепке дейінгі тәрбиелу және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын сақтау жағдайлары кезінде ұйымдастыру мен қызмет тәсілдерін, түрлерін еркін тандауға;
- 3) педагогикалық кенес жұмысына қатысу;
- 4) санат алу, қызметтік осу мақсатында бұрын аттестациядан етуге;
- 5) өз кәсіби ар-намысын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен кепілдендірумен басқа да құқықтарын коргауға.

## 6. Кәсіпорынды басқару

36. Құрылтайшы:

- 1) кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 2) кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар сингіздеді.
- 3) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заннамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

36.1. Тиісті саланың үәкілетті органы:

- 1) кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;
- 2) кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;
- 3) кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайады.
- 4) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заннамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

36.2. Мемлекеттік мұлік жөніндегі үәкілетті органы:

- 1) коммуналдық мұлікті Кәсіпорынға бекітеді;
- 2) кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;
- 3) кәсіпорынның мұлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруга беру туралы шешімдер қабылдайды;
- 4) кәсіпорынның мұлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;
- 5) кәсіпорын мұлкінің есепке алууды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;
- 6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заннамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады. Кәсіпорынның Басшысы оның органы болып табылады. Тиісті саланың үәкілетті органы басшыны тағайындауды, оны аттестациадан өткізеді.

37. Тиісті саланың үәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек катынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы рәсімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген белігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

38. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның каржы-шаруашылық қызметіне және мулкінің сақталуына дербес жауапты болады. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыйбайлас жемқорлықка карсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.
39. Басшы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заннамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.
40. Басшы:
- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;
  - 2) Қазақстан Республикасының заннамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мулкіне билік етеді;
  - 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
  - 4) сенімхаттар береді;
  - 5) банктік шоттар ашады;
  - 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндегі бүйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
  - 7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын колданады және егер Қазақстан Республикасының заннамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазага тартады;
  - 8) белгіленген еңбекақы төлеу коры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйықы жүйесін бекітеді;
  - 9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;
  - 10) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;
  - 11) Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

## 7. Кәсіпорынның мүлкі

41. Кәсіпорынның мулкін, күны онынгенгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері күрайды.
42. Кәсіпорынның мулкі болінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы катысу улестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында белуге болмайды.
43. Кәсіпорынның мүлкі:
- 1) оған меншік иесі берген мүліктін;
  - 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алғынган мүліктің (акшалай табыстарды коса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

44. Қәсіпорының жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметтің қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мұлкі болуы мүмкін.

45. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

46. Жедел басқару мұлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Қәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мұлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Қәсіпорының жедел басқаруына туседі.

47. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мұлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Қәсіпорынға бесікіту туралы шешім кабылдаған, Қәсіпорында мұлікті өз тенгеріміне бекіткен сәтінде туындейды.

48. Қәсіпорының негізгі құралдарға жататын мұлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жок.

49. Қәсіпорының мұлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша тоқтатылады..

50. Жедел басқару құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, осы жарғыда 49-шы тармағында қарастырылған жедел басқару құқығы Қәсіпорыннан мұлікті меншік иесінің шешімі бойынша занды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

51. Занды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

-жедел басқару құқығындағы Қәсіпорының жарғылық қызметтің мақсаттарына жауап бермейтін мұлікті алып қою;

-артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай емес пайдаланылатын мұлікті алып қою жатқызылады.

52. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті атқарушы орган тиісті саланың үәқілетті органдың келісімі бойынша Қәсіпорынан бекітілген мұлікті алып қоюға не оны өзі құрган басқа занды тұлғалар арасында қайта болуге құқылы.

53. Мемлекеттік мұлік жениндегі үәқілетті орган жедел басқару құқығындағы мұлікті алып қою туралы шешімінде тиісті саланың үәқілетті органдымен келісу бойынша Қәсіпорынға оны өзге тұлғага бергенге дейін ұстаудың және сакталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді

54. Қәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жаттайтын жылжымалы мұлікке дербес билік етеді.

## **8. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру**

55. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алғынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.
- Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін жергілікті аткарушы орган айқындайды.
56. Кәсіпорынның таза табысының бір белігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.
57. Кәсіпорын таза табысының бір белігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.
58. Кәсіпорын езі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.
59. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.
60. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ак бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын котеру нәтижесінде алғынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мұлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті турде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

## **9.Кәсіпорынның жарғылық капиталы**

61. Кәсіпорынның жарғылық капиталы менишік иесінінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алғынған мүліктен қалыптасады.

## **10. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі**

62. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеппен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.
63. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік тәнгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, акша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы езгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

## **11. Кәсіпорының жауапкершілігі**

64. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Қаражаттың жеткіліксіздігі жағдайда оның міндеттемелері жөніндегі субсидиарлық жауапкершілікті Қазақстан Республикасы немесе жергілікті аумақтық бірлік өтейді.

## **12. Енбек ұжымымен өзара қатынас**

65. Кәсіпорының әкімшілігі мен енбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Енбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

66. Кәсіпорының жұмыс тәртібі ішкі енбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы енбек заннамасының нормаларына кайшы келмеуі тиіс.

## **13. Кәсіпорынқызметкерлеріне енбекақы төлеу**

67. Кәсіпорының енбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

68. Енбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйакы жүйесін белгіленген енбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындаиды.

69. Мекеме басшысының, оның орынбасарларының, бас есепшінің лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйакы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

## **14. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату**

70. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

71. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

72. Кредит берушілердің талаптары канагаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорының акшасы, Кәсіпорының мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

## **15. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

73. Коммуналдық Кәсіпорының Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.